

17 мамыр,  
Сейсенбі,  
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады.

## КОНСТИТУЦИЯҒА ЕНГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУЛЕР БОЙЫНША БАҒЫТ-БАҒДАР



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АТА ЗАҒА ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚ-ТЫРУЛАР ЖОБАСЫ БОЙЫНША БИЫЛҒЫ 5 МАУСЫМДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА – ПРЕЗИДЕНТТІҢ

НАУРЫЗ АЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА АЙТЫЛҒАН САЯСИ РЕФОРМАЛАР БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚОЛҒА АЛЫНҒАН МАҢЫЗДЫ ІС-ШАРА. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУЛЕР ЖОБАСЫ АЗАМАТТАРДЫҢ СУРАНЫСЫНА НЕГІЗ ДЕЛГЕН ЖӘНЕ БҮКІЛ ҚОҒАМНЫҢ

МҮДДЕСІ ҮШІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛМАҚ. АТА ЗАҒА ЕНГІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЖОБАСЫН БЕЛГІЛІ ЗАҒҒЕР ҚҰҚЫҚ-ТАНУШЫЛАР ЖӘНЕ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫ ӨЗІРЛЕДІ. ОҒАН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ОН БАҒАСЫН БЕРДІ.

(Жалғасы 2-ші бетте)

## ЖАТ АҒЫМ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ



Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Парасат» ақпараттық-кеңес беру орталығының

мамандары ауданымызға келіп жоғары сынып оқушыларымен, студенттермен және пробация есебінде тұрған азаматтармен кездесу өткізді.

Кездесудің мақсаты - оқушылардың жалпы діни сауаттылығын арттыру, діни ағымдардың арбауынан сақтандыру, діни ағымдарды дестүрлі діндерден қалай ажыратуға болатындығы жан-жақты түсіндірілді. Сонымен қатар жас ұрпақты діни экстремизмнің алдын алу барысында атқарылып жатқан жұмыстардан хабардар ету, салт-дестүрді сақтауға, ұлттық құндылықтарды насихаттауға, тансүйгіштікке, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу. «Парасат» ақпараттық кеңес беру орталығының теологі Әділет Маусымов басқосудың маңыздылығын атап, жастарды жат ағымнан аулақ болуға шақырды. Ол өз сөзінде қазіргі жастарды жат ағымға тартушылар үшін әлеуметтік желі оңай қару екенін атап өтіп, өзіміздің дестүрлі дінімізді тек мешіт имамдарынан үйрену қажеттігін ескертті. Өсіресе мектеп бітіретін оқушыларға кез-келген теріс идеологияның ықпалына еріп кетпеуі үшін жат ағымға кіріп, адасып жүрген жастардың өкініштерінен мысалдар келтіре отырып, кеңірек мәлімет берді.

## РЕФЕРЕНДУМ ӨЗГЕРІСТЕР ЖОЛЫ



Тәуелсіздігіміз алғашқы үшінші он жылдығына толған шақта еліміз Жаңа Қазақстанды құруға кешті. Ол үшін еліміздің даму бағыттарын белгілейтін басты құжат – Ата заңымыз өзгеруі тиіс деген шешім қабылданды. Қазір тұтас Конституцияның үштен біріне түзетулер енгізілгені тұр. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осы жолы оңтайлы жолды тандап, жалпыхалықтық референдум өткізуді ұсынды.

Осы орайда кеше ауданымызға Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі депутаты, Республикалық партия мүшесі Ғалымжан Елеуов бастаған топ ауданға арнайы іс-сапармен келді. Референдумды қолдау мақсатында

ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Ата Заңға өзгеріс енер шақта өрбір азаматтың белсенділігі үлкен рөлге ие екенін айтты. Алдымен «Тәжібай-Агро» ЖШС-де болған ақпараттық-насихаттық топ аталған шаруашылықтың жұмыс барысымен таныстып, кәсібіне береке тіледі. Одан кейін аудандық аурухана ұжымымен кездесіп, медицина саласындағы ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Әрі қарай Іссапарды Екпетап елді мекенінде жалғастырып, ауыл тұрғындарымен ашық өңіме жүргізді. Елді мекендегі балабақша мен мектепке де бас сұғып, ұстаздарға ел тағдырын анықтайтын реформаларға тек депутаттар ғана емес, бүкіл халықтың қатысуы қажет екенін, әр қазақстан-

дықтың талап-тілегі маңызды болғалы тұрғандығын ашық айтты. «Референдум – Жолдауда жарияланған реформаларды халықтың таңдауы арқылы құқықтық тұрағыда бекіту. Егер олар қабылданса, еліміз өзінің саяси дамуының келесі деңгейіне өтеді. Өйткені реформа отандық құқықтық, партиялық жүйені, мемлекеттік билік бөлінісінің принципін өзгертеді. Конституцияны бүкілхалықтық дауыс беру арқылы өзгерту – халықтың еркін білдіруінің айқын көрінісі», - деді Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты Бақыт Жаншаева.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,  
Ойыл селосы.

## ОТБАСЫ-БАҚЫТ МЕКЕНІ



Отбасының береке - бірлігі жарасып, бақытты ғұмыр кешу жолында өзгелер қызығы да, қызғана қарайтындай қадамдар жасауы, ол көпшілік үшін насихаты жоғары үлгі деп білеміз. Сол себепті отбасының шағын мемлекет атануы да тектен-тек емес екені белгілі. 1994 жылы 15 мамыр - Халықаралық отбасы күні болып бекітіліп, түрлі мемлекеттерде қоғамның назары отбасыларға аударыла бастаған. Содан бері атаулы мейрам жыл сайын дестүрінен жаңылмай аталып өтілуде.

Осы орайда «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығының ұйымдастыруымен аудандық орталық кітапханадағы «Коворкинг» орталығында «Отбасы - бақыт мекені» атты мәдени шара өтті.

Ауданымызда сыйластығы ұялаған, отасқандарына 60, 50, 40, 30, 20, 10 жыл толған үлгілі отбасылар бас қосты. Отасқандарына 60 жылдан асқан Еламан-Ұмысбай Оқаповтар кейінгі бұынға өздерінің жүрежарды тілегін бейнеқұттықтау арқылы жолдады. Жиналғандар қатарында мерейлі отбасы болуды деріптеп жүрген отасқандарына елу жыл толған Меруенов отбасының қазыналы қариялары атанған Төлеген ақсақал мен Бибіш әжеміз және отасқандарына қырық жыл толған Шахметовтер отбасының Сайлау ата мен Майраш әжеміз бар. Отасқандарына 30 жыл толған Серік-Гүлназ Баймұхановтар, 20 жылдық мерейтой иелері Қуаныш-Гаухар Мергенбаевтар кеш барысында отбасында сақталған дестүрлерімен, құндылықтарымен ой бөлісті.

Шанырақ құрғандарына 10 жыл толған аға буын ізімен келе жатқан Алтынбек-Әсемгүл Шотовтар, Өркен-Гүлбаршын Ақеділовтер кеш барысында ақжарма тілектерін жеткізді. Шақырған қоңақтар эстафеталық дестүрмен бата беріп, бірі келіндік жолын берсін деп «Ақ орамал» акциясын, бірі мерейтой иелеріне мәрмәр жиынтық сыйлады. Сонымен қатар мәртебелі меймандардың арасында жаңа ғана шаңырақ көтерген жас отбасылар кеш қонағы болды. Шараға арнайы қатысқан «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалының атқарушы хатшысы Еркін Жиналині отбасылары мерекемен құттықтап, мерейтой иелеріне аудан өкімінің «Алғыс хатын» табыстады.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,  
Ойыл селосы.

## Газетке жазылу - 2022

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы 2022 жылдың II жарты жылдығына жазылу басталды

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Заңды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)

# КОНСТИТУЦИЯҒА ЕНГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУЛЕР БОЙЫНША БАҒЫТ-БАҒДАР

Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың бәрі өзара байланысты және бір мақсатты көздейді. Атап айтқанда, мынадай үдерістерге құқықтық негіз қалыптастыруға арналған:

1. Суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға түбегейлі көшу;
2. Бірқатар билік өкілеттігін қайта бөлу;
3. Парламенттің рөлін күшейтіп, мәртебесін арттыру;
4. Елді басқару ісіне халықтың қатысу мүмкіндігін кеңейту;
5. Азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіру.

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы республикалық баспасөзде 6 мамыр күні ресми түрде жарияланды.

Конституцияның қазіргі және жаңа нұсқаларының айырмашылығын түсіну, ұсынылып отырған көптеген түзетудің байыбына бару мұндай істен хабары аз адам үшін қиындық туғызатыны анық.

Сондықтан жұртқа ұғынықты болу үшін бұл түзетулер Ата Заңның нақты баптары мен тармақтары көрсетілген бірнеше бөлікке бөлінген.

**Суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік республикаға түбегейлі көшу**

Конституциялық реформа билік тармақтары арасындағы қарым-қатынастың тепе-теңдігін және оңтайлы болуын қалыптастырады. Сондай-ақ президенттік институттың барынша дербес болуын қамтамасыз етеді.

Ата Заңымыздың 43-бабына 3-тармақ қосылды. Онда Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс деп көрсетіледі. Осы логикаға сәйкес Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың және өзге де соттардың төрағалары мен судьяларына, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғарғы аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелеріне де осындай тыйым салынады (Конституцияның 23-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы). Соның нәтижесінде саяси бәсеке артып, барлық саяси партияны дамытуға бірдей жағдай қалыптасады, дербес әрі әділ шешім қабылдауға жол ашылады.

Мемлекет басшысы барлық азаматқа тең мүмкіндік берілуінің мызғымас кепілі болуға тиіс. Сол себепті Конституцияның 43-бабына 4-тармақ қосылды. Онда «Президенттің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға қақысы жоқ» деп көрсетіледі.

Жұмыс тобы мүшелерінің ұсынысы бойынша Тұңғыш Президенттің Президент лауазымына қатарынан екі реттен көп сайлануына мүмкіндік беретін баптың (Конституцияның 42-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы), сондай-ақ Тұңғыш Президенттің мәртебесі мен өкілеттіктері Конституциямен және конституциялық заңмен айқындалатыны туралы 46-баптың 4-тармағы Ата Заңнан алынып тасталмақ.

Конституцияның 91-бабынан Тұңғыш Президенттің тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы деген мәртебесі туралы норма алынып тасталады (Конституцияның 91-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Конституциялық реформаның нәтижесінде тиісті аумақтағы ахуалға жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдардың жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару өкілеттіктері кеңейеді.

Жобадан Президенттің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана өкімдері актілерінің күшін жоюына не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұратыны туралы құзыретін жою көзделген (Конституцияның 44-бабы 3) тармақшасының жаңа редакциясы).

Сондай-ақ Президенттің аудан, қала, ауылдық округ өкімдерін лауазымынан босату туралы құзыретін алып тастау көзделген (Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы).

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана өкімдерінің құзыретке ие болу тәртібі де өзгереді.

Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясына сәйкес енді оларды Президент облыс аумағында орналасқан мәслихат депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихат депутаттарының келісімімен тағайындайды.

Бұл ретте Мемлекет басшысы кемінде екі кандидатура ұсынып, дауысқа салады. Дауыс беруге қатысқан депутаттардың көпшілігінің дауысына ие болған кандидат келісім алған болып саналады.

Осылайша, жергілікті билікке

қатысты Президенттің өкілеттігі азайып, ол мәслихаттардың рөлін айтарлықтай арттыру арқылы өңірлік деңгейдегі өкімдердің қолына жинақталады.

**Бірқатар билік өкілеттігін қайта бөлу**

Сенаттағы Президент квотасының саны 15-тен 10 депутатқа дейін азаяды. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынады (Конституцияның 50-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Сенаттың өкілеттігі бірқатар құқықтармен толығырақ. Атап айтқанда, Сенат Президент енгізетін Конституциялық Соттың және Жоғарғы Сот Кеңесінің төрағалары лауазымына кандидаттарды келісу құқығына ие болады (Конституцияның 44-бабы 4) тармақшасының, 55-бабы 2) тармақшасының және 82-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы).

Жалпы, Конституциялық Сот (қазіргі Конституциялық Кеңестің орнына) құру арқылы конституциялық бақылау жасау институты жаңғыртылады.

Конституциялық Сот 11 судьядан тұрады (қазіргі Конституциялық Кеңестің 7 мүшесі бар).

Конституциялық Соттың құрамы мынадай тәсілмен жасқалады: 6 судьяны Парламент (Мәжіліс пен Сенаттың әрқайсысы 3 судьядан), 4 судьяны Президент тағайындайды. Конституциялық Соттың төрағасын жоғарыда айтылғандай Сенаттың келісімімен Президент тағайындайды (Конституцияның 57-бабы 1) тармақшасының, 58-бабы 3-тармағы 7-тармақшасының және 71-бабының жаңа редакциясы).

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Жоғарғы аудиторлық палата болып өзгереді. Оның төрағасы жылына екі рет Мәжіліс депутаттарының алдында есеп береді (Конституцияның 53-бабы 2) тармақшасының жаңа редакциясы, 56-бабы 1-тармағындағы 3-1) жаңа тармақшасы).

«Мемлекеттік хатшы» институты «Мемлекеттік кеңесші» институты болып өзгереді (Конституцияның 44-бабы 19-тармақшасының жаңа редакциясы). Ол Мемлекет басшысына ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеумен айналысады.

**Парламенттің рөлін күшейтіп, мәртебесін арттыру**

Конституциялық реформаның нәтижесінде биліктің заң шығарушы тармағы айтарлықтай өзгереді. Соның арқасында Парламенттің және оның палаталарының рөлі өдеуір күшейіп, мәртебесі артады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Президент Конституциялық Соттың және Жоғарғы сот Кеңесінің төрағаларын тағайындау үшін Сенаттың келісімін алады. Сондай-ақ Президент Сенатқа 15 емес, 10 депутат тағайындайтынын айттық. Оның 5-еуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындалады (Конституцияның 50-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Осы орайда Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасы Сенатқа беріледі. Оның саны 9-дан 5 депутатқа қысқарады. Соған сәйкес Мәжіліс депутаттарының жалпы саны 107-ден 98-ге азаяды (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының жаңа редакциясы).

Мәжіліс депутаттары аралас сайлау жүйесімен, яғни пропорционалды және мажоритарлы жүйе бойынша сайланады (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының жаңа редакциясы). Аралас сайлау жүйесі барлық азаматтың құқықтарын толық сақтауға, сайлаушылардың мүддесін қорғауға мүмкіндік береді.

Сайлаушылардың бір мандатты сайлау округі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарынан мандатты кері қайтарып алу құқығы енгізіледі (Конституцияның 52-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы). Соның нәтижесінде демократия дәстүрлері нығая түседі, депутаттар мен сайлаушылардың арасында өзара жауапкершілік пен сенімге негізделген жаңа саяси мәдениет қалыптасады.

Мәжілістің құзыреті кеңейіп, республикалық бюджеттің атқарылу сапасына парламенттік бақылау күшейеді. Ол үшін, бұған дейін айтқанымыздай, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Жоғарғы аудиторлық палата болып қайта құрылады. Оның төрағасы жылына екі рет Мәжіліс депутаттарының алдында есеп береді (Конституцияның 53-бабы 2-тармақшасының жаңа редакциясы, 56-бабы 1-тармағының 3-1) жаңа тармақшасы). Бұл Мәжілістің және жалпы Парламенттің мәртебесін одан әрі күшейте түседі.

Саяси жүйеде тепе-теңдік және тежемелік тетіктерді нығайту және заң шығару жұмысын оңтайландыру мақсатында Мәжіліске заңдарды қабылдау (бұрын заң жобаларын қараған және мақұлдаған), ал Сенатқа заңдарды мақұлдау не мақұлдамау (бұрын заңдарды

қабылдаған) құзыреті беріледі (Конституцияның 61-бабы 4 және 5-тармақтарының және 62-бабы

5-тармағының жаңа редакциясы). Парламент конституциялық заңдарды Палаталардың бірлескен отырысында, кемінде екі оқылымда қабылдайтын болады (Конституцияның 53-бабының жаңа редакциясы).

Айрықша қажеттілік туындаса, заңдарды жедел қабылдау тәртібі енгізіледі. Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті сақтауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Үкіметтің заң шығару бастамасы арқылы енгізілетін заң жобалары Парламент Палаталарының бірлескен отырысында шұғыл қаралады. Бұл заң жобаларын қарау кезінде Үкімет заң күші бар уақытша құқықтық-нормативтік актілер қабылдай алады (Конституцияның 61-бабы 2 және 3-тармақтарын толықтыру).

Бұл тәсіл елге төнген қауіп-қатердің бетін қайтару үшін билік тармақтарының бірлескен әрі шұғыл жұмысын үйлестіруге қажет. Оны қалыпта, құндылық жұмыс барысында қолдануға болмайды. Бұл үдеріс Парламент депутаттары мен Үкімет мүшелерінің өзара жауапкершілікке негізделген қарым-қатынасы арқылы іске асады.

**Елді басқару ісіне халықтың қатысу мүмкіндігін кеңейту**

Негізгі Заңда жер және жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жан-уарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі екені жайындағы норма нақты және кесімді түрде бекітілген. Мемлекет құқығын халықтың атынан мемлекет жүзеге асырады (Конституцияның 6-бабы 3-тармағының жаңа редакциясы).

Жоғарыда айтылғандай, Мәжіліс депутаттарын аралас сайлау жүйесімен: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағында пропорционалды жүйе бойынша, сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайлау ұсынылады (Конституцияның 50-бабы 3-тармағының және 51-бабы 1-тармағының жаңа редакциясы). Сондай-ақ бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарының мандатын кері қайтарып алу мүмкіндігі пайда болады (Конституцияның 52-бабы 5-тармағының жаңа редакциясы).

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың өкімдерін Президент өңірдің (қаланың) мәслихаттарының барлық депутаттың келісімімен және баламалы негізде (кемінде екі кандидатура ұсынылады) тағайындайтын болады (Конституцияның 87-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы). Осылайша, белгілі бір өңірдің дамуына жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асыратын мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару ісіне берілетін кепілдік нығая түседі.

**Азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіру**

Жоғарыда баяндағанымыздай, Конституциялық Кеңес Конституциялық Сот болып қайта құрылады. Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша олардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Ресублика Конституциясына сәйкестігін қарайтын болады (Конституцияның 71-74-баптарының жаңа редакциясы).

Өлім жазасын жою туралы шешім конституциялық деңгейде түпкілікті бекітіледі (Конституцияның 15-бабы 2-тармағының жаңа редакциясы).

Прокуратураның құзыреті, оның жасақталуы мен қызмет тәртібі Конституциялық заңмен белгіленеді (Конституцияның 83-бабы 4-тармағының жаңа редакциясы). Бұл құқық қорғау қызметінің жүйелі жұмыс істеуін және заңда белгіленген тәртіпке сәйкес мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын қадағалауды күшейтуге тиіс.

Конституцияның жаңа 83-1-бабының нормалары Адам құқықтары жөніндегі үкілік иммунитет береді. Ол азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау кезінде қандай да бір өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға тәуелді болмайды, ешкімге есеп бермейді. Ол өз жұмысында Конституциялық Сотқа жүгіне алады. Адам құқықтары жөніндегі үкілік құқықтық мәртебесі мен қызметін ұйымдастыру Конституциялық заң арқылы айқындалады.

Осылайша, конституциялық реформа азаматтардың елді басқару ісіне қатысу мүмкіндігін арттырады және саяси үдерістерді шын мәнінде демократияландырады деп толық сеніммен айта аламыз.

**Ерлан ҚАРИН,  
Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік хатшысы.**

## РЕФЕРЕНДУМ БАСТЫ БАҒЫТЫМЫЗДЫ АЙҚЫНДАЙДЫ

Сан ғасырдан бабаларымыз аңсаған егемендікті алғанымызға отыз жылдың белесінен енді асып келеміз. Ел болып, ес жиып, еңсемізді тіктеу жолында көптеген тер төгдіміз. Әлбетте, бұған дейін елімізде атқарылған жұмыстар мен саяси реформаларды теріске шығаруға болмайды. Біз ерқашан бірлікте болғанда ғана болашаққа нық қадам басарымыз айқын.

Осы бағытта Конституцияға енгізілетін түзетулер бойынша 5 маусымда референдум өткізу пісіп-жетілген, аса маңызды шара. Әділ сайлау, референдум халықтың белсенділігін арттырып, құқықтық мәдениетін қалыптастырады. Мемлекет тағдырына тікелей, түбегейлі әсер ететін өзгерістердің референдумға шығарылуы дұрыс шешім деп қабылдаймыз. Жаңа Қазақстанның бүгінгі өрі басты бағыты айқын. Яғни, билікті орталықсыздандыру, демократиялық үрдісті нығайту. Нәтижесінде ел өмірін өзгертуге деген тың серпіліс, құлшыныс оянады. Әрі кез-келген азаматтың ұтымды ұсынысы мен пайымды пікірі ескеріледі. Бұл қоғамды дамыту жүйесінің жаңғыруы деп түсінеміз. Сондықтан барша жерлестерімді ағымдағы жылдың 5 маусымында өтетін референдумға қатысуға шақырамын.

**Биғали АХМЕТОВ,  
Еңбек ардагері.**

## «ЕЛ БІРЛІГІ – ЖАҢАРҒАН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТІРЕГІ»

Сәуір айының соңында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының «Ел бірлігі – жаңарған Қазақстанның тірегі» атты отыз бірінші сессиясы өтті. Мемлекет басшысы еліміздегі бірлік пен бейбітшіліктің мән-маңызына тоқтанды.

«Бірлік, татулық және бейбітшілік – біздің мызғымас құндылықтарымыз. Оның айрықша маңызды екенін қаңтар оқиғалары кезінде айқын сезіндік. Қазір қатерлі күндер артта қалды. Сол кезде қандай қауіппен бетпе-бет келгенімізді уақыт өткен сайын ұғына түсеміз. Шын мәнінде, біз мемлекеттілігімізді жоғалтып ала жаздадық. Халқымыз қаңтар қасіретінен сабақ ала білуі керек. Енді ондай жағдай қайталанбауы үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тиіспіз», - деді мемлекет басшысы.

ҚХА – тәуелсіздіктің, егемендіктің жеңісі. Бүгінгі таңда біздің еліміз өз дамуының маңызды кезеңінде. Бұл біздің өткеніміз бен бүгінгімізде нақты орын алып, өмірлік тәжірибемізде қабылданып, халықтың арасында көрініс тауып, үздіксіз жүріп жатқан өңгімелер, келешек ұранымыз да осы бағытты қамтып қала бермек. Осындай дүниемен қол жеткізген келісім – тек Қазақстанның ғана емес, өлем елдерінің алдындағы басты мәселе болуы шарт деп ойлаймын. Әр жыл сайын сессия алаңында талқыланып, алға қойылатын тапсырмалар бүгінде іске асып,

нәтижесін беруде. Еліміздің жаңа тарихының шешуші кезеңдерінде ассамблея әрдайым тұрақтандырушы және біріктіруші рөл атқарды. Бағдарлы қарсақ, шынында да біздің еліміз келісім мен бірліктің арқасында талай биікті бағындырып келеді. Ассамблеяға сын-қауіп төнгенде, тәуелсіздіктің барлық кезеңінде биік белестен көрініп, өзінің даңғыл жолындағы ойынға берді. Оның тарихында біздің ұлттың өрлеу дәуірінің кезеңдері мен нақты нәтижелері көрініс тапқан.

Қазіргі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан қоғамындағы тұрақтылықты сақтау үшін барлық тетіктердің қалыпты өрі тиімді жұмысын қамтамасыз етіп келеді. Бұл бөріне үлгі болып отыр. Өткен сессияны жылдағыдай ерекше зор үмітпен күттік. Себебі, қазақстандықтар үшін әр жыл сайын болатын сессияның маңызы өте зор. Ел үшін, жер үшін маңызды шешімдер қабылданады. Биылғы сессияда мені елең еткізген ең басты нәрсе Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға және елдің саяси жүйесіне түбегейлі әсер ететін өзгерістер енгізуге бастама көтергені. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқалы отырған референдумға қатысу арқылы біз еліміздің болашағына үлесімізді қосамыз!

**Алла ДУРМАНОВА,  
«Достық» клубының мүшесі.**

# ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ТОҚТАМАЙДЫ



Ойыл ауданына қарасты шалғай орналасқан ауылдардың бірі - Сарбие ауылдық округі. Мұндағы негізгі күнкөріс көзі мал шаруашылығы. Әр шаңыраққа қаражат көзін құятын мемлекеттік нысандар саусақпен санарлықтай. Әйтсе де ауыл тұрғындары заман ағымынан сырт қалған емес. Әсіресе ауылда тазалық жұмыстары тоқтаған емес. Бәрі де даму мен жаңғырудың, қорса, үй жайларын жаңалап, сыртқы қасбетін түзеп, туған жердің көркеюіне бір

кісдей атсалысып келеді. Нақтырақ айтсақ, көктемгі тазалық айлығы басталғалы округ орталығынан 35 тонна тұрмыстық қалдықтар шығарылып, елді-мемлекеттік нысандар суасқалпен санарлықтай. Әйтсе де ауыл тұрғындары заман ағымынан сырт қалған емес. Әсіресе ауылда тазалық жұмыстары тоқтаған емес. Бәрі де даму мен жаңғырудың, қорса, үй жайларын жаңалап, сыртқы қасбетін түзеп, туған жердің көркеюіне бір

ауласына, саябақтарға, демалыс орындарына гүл көшеттері егілді. Округ орталығында тал егу күні қарсаңында 300 түп тал отырғызылды. Оның 100 түбі терек, 200 түбі қара ағаш. Сарбие және Қаракөл елді мекеніндегі тұрмыстық қалдықтарды төгетін полигонның ретке келтіліп, түіпін тегістелді. Тазалық айлығына 125 адам мен 11 техника жұмылдырылды.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

## ЫЛҒАЛДЫ КӨКТЕМНЕН ҮМІТ МОЛ



Былтыр күзде жауған жауын-шашыннан кейін жерде ылғал мол болды. Сонымен қатар қыста да жеткілікті мөлшерде қар түсті. Қунарлығы биыл да ылғал мол. Көптеген шаруашылықтар көктемгі егіс науқанына қызу кірісті. Ойыл ауданыда ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімі мамандарының айтуынша, биылға дикандар 500 гектар алқаққа дөңді дақыл егу қажет. Мал азығы бойынша 1800 гектар аумақтың 500 гектарына бір жылдық, 1300 гектарына көп жылдық егіс шөп егу жоспарланған. Сондай-ақ, 100 гектарға сурмалы дақылдар яғни, картоп егу көзделсе, көкөніс, басқа салуға 155 гектар межеленіп отыр.

Барлығы 2 555 гектарға егіс егу керек. Тары егуге 8 тонна, көпжылдық егіс шөпке 10 тонна, бір жылдық егіс шөпке 20 тонна, барлығы 38 тонна тұқымды қажет етсе, қазіргі таңда шаруашылықтар толықтай тұқыммен қамтылып отыр.

Бүгінгі күнге аудан бойынша 1100 гектар алқаққа ылғал жабу, 700 гектар алқақты көктемгі жер жыртыу жұмыстары жүргізіліп, 120 гектар алқаққа арпа, 145 гектарға жерге мал азығы дақылдары себілді. Көктемгі далалық жұмыстары «Тәжібай-Агро» ЖШС, «Қараой» ШҚ, «Атамекен» ШҚ, «Ақорын» ШҚ, «Барыс» ШҚ, «Көбек» ШҚ, «Жақып» ШҚ, «Спарта» шаруашылықтарында жалғасуда.

Егіске қажетті минералды тыңайтқыштар сатып алу жоспары бойынша «Спарта» шҚ 10,0 тонна минералды тыңайтқыш сатып алды. Шаруашылықтар бойынша көктемгі далалық жұмыстарына қажетті жеңілдетілген бағаммен 184,00 теңге/литр 108,0 тонна жанар жағар майға дизель отынын жеткізуші «Батыс – Жер» ЖШС-не сұраныс беріліп, бүгінгі күнге 45,1 тоннасы тасып алынды, тасымал жұмыстары жалғасуда. Бұл жерге түрлен салып, ден сүйіп мол өнім күтіп отырған шаруашылықтар үшін мемлекет тарапынан беріліп жатқан үлкен қолдау-қөмек болмақ.

**Муса ӘДІЛБАЙУЛЫ,  
Ойыл селосы.**

# ВАКЦИНА – ҚОРҒАНЫС КЕПІЛІ!



Коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинация тегін және ерікті түрде жүргізіледі. Қазақстанда 12 жасан асқан жасөспірімдерді вакцинациялау үшін комирнати (PFIZER-BIONTECH) вакцинасы қолжетімді. Жас өспірімдерді COVID-19 ға қарсы вакцинациялау ерікті және тек ата-аналардың келісімімен ғана жүргізіледі. Комирнати – МРҢҚ-ға негізделген вакцина, оның құрамында тірі вирус жоқ. Жасөспірімдердің ата-аналары қалауы бойынша вакцинация жүргізу кезінде қатыса алады.

Сарапшылардың пікірінше, коронавирустық инфекцияның кез-келген штаммымен күресудің жалғыз жолы және оның таралуын тоқтатудың әдісі – вакцинация. Имундаудың нәтижесінде ұжымдық иммунитет қалыптасады. Сондықтан тұрғындарға өз денсаулығыңызды қорғауда вакцинация маңызды екенін айтамыз. Барлық елді мекендердің медициналық пункттерінде адамдарды ең алдымен дәрігер тексеріп рұқсатымен вакцина қабылдауға болады. Вакцина ағзаны күресуге дайындайды. Вакцинацияланған адам, инфекция жұқтырған жағдайда вакцинацияланбаған адамға қарағанда ауруды жеңіл өткеріп, тезірек жазылады. Вакцинация арқылы ауруға қарсы иммунитет

аламыз. Сондықтан аурудың алдын-алу бұл аурудан емдеуден гөрі оңай. Егер адамда ЖРВИ белгілері (тамағы ауырыу, мұрыннан су ағу, бас ауры), дем сезу, иіс сезуді жоғалту, диарея, буындарда ауырсыну болса, бұл да КВИ белгілері болуы мүмкін. Жоғарыдағы белгілер пайда болған жағдайда медициналық мекемеге хабарласып, мобильдік топты шақырып немесе емханадағы сүзгі кабинетіне келіп, ПТР тестін тапсырыңыз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастырудан басталады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың нәтижесінде қоғамда бірлік, өдеп, игі адами қарым-қатынас пен ұйымшылдық сақталады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет құқық пен адамгершілікті қамтиды, оның ерекшелігі де осында. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу қабілетін қалыптастыру өте маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – ол тек қана сана емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру барысында, адамдар сыбайлас жемқорлықты қабылдамауды қолдау керек. Бұл мақсатта біздің инспекция тарапынан да жұмыстар тұрақты жолға қойылған.

Ойыл аудандық аумақтық инспекция бойынша сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын заң бұзушылықтар көріністерінің алдын-алу бойынша іс-қимыл шаралары жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жоспарға сәйкес жұмысының негізгі бағыты мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы кез-келген қарым-қатынасқа жол бермеу болып табылады. Бірлес жұмыс жасап және түсіндіру мақсатында ветеринария саласының өкілдерімен кездесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізудеміз. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда пара бермеуге және алмауға, жемқорлықты жоюда бірлес жұмыс жасау мақсатында түсіндірілді.

Д.САЛИН,  
дәрігер-хирург.

# ҚҰТЫРМА – ХАҰУАННАН ЖҰҒАДЫ!

Құтырма - адамға құтырған жануарлардан жұғатын вирустық ауру. Ауру қоздырғышы денеге еніп, өсіп-өнеді. Адам инкубациялық (білінбейтін) кезең өткеннен кейін ауыра бастайды, жүйке жүйелері зақымданып, аурудың соңы өліммен аяқталады. Ауру таратушылар - барлық қанды жануарлар: ет қоректі аңдар (қасқыр, түлкі және т.б.), үй жануарларынан (ит, мысық, сиыр және т.б.) тарайды. Вирус адамдарға құтырған жануардың тістегенінен немесе сілекейінен жұғады.

және тағы басқа жануарларды (ветеринарлық) емдейтін мекемеге жеткізіп, 10 күн бойы бақылау керек. Адамды қапқан жануарды өлтіруге болмайды, өйткені бақылау қорытындысы бойынша алдын-ала емдеу тактикасын таңдау қажет болады. Зардап шеккен адамды сақтандырудың бірден-бір шарасы – егу. Сондықтан ондай жағдайда дереу дәрігерге көріну керек. Егудің толық курсы міндетті түрде алу қажет. Егілген адамға 6 ай ішінде ішімдік ішеу болмайды, сондай-ақ қатты суықтан және тым ыстықтан сақтанған жөн. Егулер ауырмайды, өрі жеңіл түрде өтеді. Тұрғындар арасында құтырма ауруын болдырмау мақсатында бұралқы, иесіз ит және мысықтарды аулап жою қажет. Үйде ұстайтын иттер мен мысықтарды жыл сайын құтырма ауруына қарсы екікізіп отыру керек, серуендету жөніндегі ережені сақтау керек. Кез келген тұрғын иелігіне жаңадан сатып алған итті тіркеуден өткізіп, ектіруге міндетті. Кешкі уақытта итті тек жабық аулаға жіберу керек. Жалпы ортақ аулаға немесе серуендету үшін көшеге итті тек қысқа қарғыбаумен және мұрындықпен шығару керек. Ит немесе мысық ауырып өлген жағдайда тез арада мал емдейтін мекемеге хабарлау қажет. Құтырмамен ауырған жануар толықтай сауықпайды, бірақ алдын-алуға болады. Ол үшін құтырма ауруына қарсы қолданылатын егулер уақытында жүргізілуі тиіс!

Адамды кез келген жануар қауып, тістеп немесе тырнап алған жағдайда тез арада жергілікті жердегі дәрігерге көрінуі қажет. Тіпті, сырттай дені сау жануар тістеп немесе тырнап алған жағдайда да дәрігерге қаралу керек. Адамдарды тістеп алған ит, мысық

# КҮЙЗЕЛІС ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН-АЛУ ЖОЛДАРЫ



Қым-қуат тіршілікте жұмыр басты пенде белгілі бір кезеңде психологиялық күйзелісті бастан кешіретіні аян. Дәл қазір күйзелісте жүрміңіз деген сөзді өз адамның тоғыз жиі айтатын болды. Бұрын-соңды мұндай сөзді құлағымыз естімейтін еді. Ал қазір екінің бірі күйзелістік жағдайға душар болғандар. Стресс – (күйзеліс) адамның мазасыздығынан туындайтын көбіне өз бейімделмеген жұмыстардың шамадан тыс болуына байланысты бейімделген психикамен организмнің өзгерістерге ышырауына әкелетін процесс ретінде саналады. Күз, көктем мезгілдерінде адамдар күйзелістік күйге тап болады. Бір қызығы, өлемде өрбір жиырмасыншы адам қандай да бір депрессиялық күйзелісті бастан кешіреді екен. Әйел адамдар ер адамдарға қарағанда ұзақ өмір сүреді екен. Әйелдер өңімге жақын, жылауға дайын тұрады. Сол арқылы іштей барлық жағымсыз эмоция, энергияларын көз жасы арқылы, сырын бөлісу арқылы сыртқа шығарып отырады. Ал ер адамдар барлығын ішке сақтайды, олар жыламайды не өйелдер сияқты өсек өңімге жақын емес. Бұдан шығатын қорытынды: ер адамдарға айтар кеңесіміз, арасында жылап алғандарыңыз дұрыс. Егер мәселе уақытында шешілмесе ол – күйзеліске ұшырайды, күйзеліс уақытында шешілмесе, оның арты депрессияға ұшырайды, депрессия – неврозға, невроз – соматикалық ауруларға ұшыратады. Сондықтан күйзелістің алдын алу үшін, мәселені уақытында шешкен дұрыс. Жұмыстан жалығып, шаршап қалсаңыз, 5 минутта күйзелістен арылудың 5 жолымен танысы болыңыздар. 1. Серуендеп келіңіз. Мүмкіндік болса, таза ауаға шығып, серуендеп келіңіз. Жұмыс уақытында кенесізден шығуға болмаса, кеңесіңіз ішін аралап қайтыңыз. Бастысы орныңыздан тұрып, компьютерден бірнеше минутқа болса да демалыңыз. Осы уақытта ойыңыз жинақталып, жұмысқа жаңа қарқынмен кірісе аласыз. 2. Кітап оқыңыз. Кітап оқу – көңілді басқа нәрсеге аударып, сәтсіздіктерді ұмытудың бірден-бір жолы. Ертегі, шытырман оқиғаға толы өңімелер осы жағдайға дәл келеді. Бастысы кітап оқу арқылы ойыңыз басқа жерге ауысып, қиындықтарыңыз алыс

жерде қалуы керек. 5 минуттық кітап терапиясынан кейін өзіңізді өлдеқайда жақсы сезінесіз. 3. Қызықты бейнебаян қараңыз. Жұмыстан 5 минутқа демалып, ғаламтордан қызықты, күпкілі бейнебаян тауып қараңыз. Күйзеліс осындай дауадан кейін өзімен-өзі жоғалып кетпек. 4. Шай ішіңіз. Тыныштандыратын дәмдік шайдың өсерінен де біраз демалып қаласыз. 5. Терең демалыңыз. Қиындық жайлы ойланп, уайымдап отырғанда, тынысыңыз жиілеп, ағзаңызға ауа жетпейді. Сол себепті тынысыңызды дұрыстауға тырысыңыз. Кеудемен емес, ішпен дем алып көріңіз. Осындай тыныс жаттығулары кез келген ауруды тез арада басып, ағзаңыз жұмысын жақсартады. Қорыта айтқанда, күйзеліс – жаңа белестерге жетуге шабыттандыратын өдістердің бірі. Алайда, өкінішке орай, жаман өдеттерге оралуға итермелейтін де күйзеліс. Сондықтан, кейде өмірдегі өзгерістерге, жаман не жақсы болсын, салқынқанды қарауға тырысу керек.

Ақнұр ЖАУҒАШАР,  
Аудандық аурухана психологі.

# ХАБАРЛАНДЫРУ!

Құрметті Қараой ауылының тұрғындары! 2022 жылдың 17 маусым күні сағат 10.00 –де «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі өкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Қараой ауылы Еңбеккерлер көшесі, №6 мекен-жайындағы кеңсе ғимаратында Қараой ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді. Күн тәртібіндегі мәселе: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 ақпандағы 2014 жылғы №138 «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын» және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы заңына, Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына сүйене отырып Қараой ауылдық округі, Қараой ауылының көшелерінің атауын өзгерту туралы қоғамдастық жиыны өтеді. «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ

Құрметті Ойыл тұрғындары, Ойыл ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиынының мүшелері! 2022 жылдың 18 мамыр күні сағат 15.00-де Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылы Көкжар көшесі № 69 мекен-жайында орналасқан кеңсе ғимаратында аудандық мәслихаттың 2021 жылы атқарған жұмысы жөніндегі аудандық мәслихат хатшысының есебінің тыңдалымы өтеді. «Ойыл ауылдық округі өкімінің аппараты» ММ

# «ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ – УАҚЫТ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТ!»

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастырудан басталады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың нәтижесінде қоғамда бірлік, өдеп, игі адами қарым-қатынас пен ұйымшылдық сақталады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет құқық пен адамгершілікті қамтиды, оның ерекшелігі де осында. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу қабілетін қалыптастыру өте маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – ол тек қана сана емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру барысында, адамдар сыбайлас жемқорлықты қабылдамауды қолдау керек. Бұл мақсатта біздің инспекция тарапынан да жұмыстар тұрақты жолға қойылған.

Ойыл аудандық аумақтық инспекция бойынша сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын заң бұзушылықтар көріністерінің алдын-алу бойынша іс-қимыл шаралары жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жоспарға сәйкес жұмысының негізгі бағыты мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы кез-келген қарым-қатынасқа жол бермеу болып табылады. Бірлес жұмыс жасап және түсіндіру мақсатында ветеринария саласының өкілдерімен кездесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізудеміз. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда пара бермеуге және алмауға, жемқорлықты жоюда бірлес жұмыс жасау мақсатында түсіндірілді.

Ермек МЕКЕЕВ,  
Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының бас маман - ветеринариялық санитариялық инспекторы.

# АЛҒЫС АЙТАМЫН!

Кез - келген адам өз өмір жолында ақ халатты абзал жандармен кездесіп, олардың ыстық ықыласы мен аялы алақандарының жылуын сезінеді. Олардың көмегімен тоқтаған жүрек қайта соғып, үзілген үміттер жалғанады. Жас пен көріге, жалпы адамзаттың бөріне көмек қолын созып, жанын қорға жер таптырмай азаптаған ауруынан айықтырып, жанына - дауа, тәніне - шипа болардай ем беріп, сөзінің тәттісімен, көзінің жақсысымен науқастың көңілін көтеріп, өмірге деген құштарлығын арттырып, ертелі-кеш ерінбей, ел үшін еңбек етіп, халықтың алғыс-сауабын арқалайтын ақ халатты абзал жандар. Осы орайда Ойыл аудандық ауруханасының хирургі Дәулет Сәлимов, мейірбикесі Гулназ Қайыржанова, Терапия бөлімшесінің меңгерушісі Әйгерім Қазиева, дәрігер невропатолог Әйгерім Хасанова, мейірбикелер Риза Төңірекбаева, Әлібекбаева, Ахметжанов, Айнажол, Әлібекбаева, Ахметжанов және кіші қызметкерлері Гулзада Құлтемірова, Ақмарал Мәмбетова, Света Атыраубаева, Жанар Жиенқұловаларға алғысымды білдіремін. Осындай абзал мамандардан ем алып, сырқатымнан айыққаным бірінші Алла, екінші дәрігерлердің арқасы деп білемін. Дәндеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Әрқашан халықтың алғысына бөленіп жүре беріңіздер!

Елтай ХАЛИДУЛЛИН,  
Ойыл селосының тұрғыны.

# ҚАЗАҚСТАНДА ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН АВТОНЕСИЕ БЕРУ БАСТАЛДЫ



Жеңілдетілген автонесие бір адамға екі жыл ішінде бір-ақ рет беріледі. Жеке автопаркты жаңартуды ынталандыру мақсатында ҚР азаматтарына жеңілдікпен несие беру бойынша автокөлік сатып алу, сондай-ақ автобустар паркін жаңарту үшін «Жасыл Даму» АҚ қаражаты есебінен бағдарлама әзірленді. Жеңілдетілген несие бағдарламасы бойынша қаржыландырудың жалпы сомасы шамамен 100 млрд теңгені және Қазақстан өңірлеріндегі автобус паркін жаңартуға шамамен 30 млрд теңгені құрайды. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметінше, халыққа автокөлікті несиелендіру келесі шарттармен жүзеге асырылады: - сыйақы мөлшерлемесі 0,01%; - лизинг мерзімі 7 жылға дейін - бастапқы жарна 0% бастап; - Жеңілдетілген автонесие түріндегі қолдануға басқа мемлекет жеңілдік сертификаттарының қолданылу мерзімі мәселелерін шешу шараларын нысептандыра. Бүгінгі таңда ӘКМ операторының функциялары «Жасыл даму» АҚ-на беріле байланысты осыған дейін пайдалана алмаған жеңілдік сертификаттарын пайдалануға мүмкіндік беретін тетіктер зерделенуде. Бұл сертификаттарды пайдалану жүргізіліп жатқан тексеру өрекеттеріне байланысты уақытша тоқтатылды.

Айта кетейік, бұған дейін Үкімет жеңілдетілген автонесие бағдарламасын бекіткен болатын. Ал өткенде аптада ҚР Үкімет басшысының бірінші орынбасары Роман Скляр 16 мамырда банктер жеңілдетілген автонесиеге өтімді қабылдауды бастайтынын мәлімдеген еді.

Несие беруді Екінші деңгейдегі банктер жүзеге асыратын болады. Қаржыландырудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ЕДБ-де түпкілікті қарыз алушыға қаржыландыруды ұсыну мерзімдерінің

# ЕҢБЕГІ ЕЛЕНБЕГЕН ЕР

Адамдардың туған топырағына тартып туатыны, мінезі мен жан-дүниесі, қадір-қасиеті Жер-Анадан нәр алатыны ақиқат. Құмды бекітетін, нандық өсімдік құмаршық, қатты қараағаш, тоғыз ауруға ем андыз, қарақат, итмұрын, долана, иманжапырақ, құлпынай сияқты жеміс өсімдіктері де бізде ғана бар. Осындай жер жәнәті Ойыл бойындағы Қаратал аулынан талай ерлер өсіп-өнді, елді өлемге танытты. Шығанақ Берсеев, Сұлеймен Қарабалаулы, академик Ишанбай Қарағұлөвтар - ел мақтанышы. Білім саласының ардагерлері Қаз ССР, СССР халық ағарту ісінің үздігі Жәмші Дөрментәева, аға мұғалімдер Мөркен Сапарғалиева, Назар Есқалиев, Қайырғали Қазыбаев сынды аға буын ұстаздардың есімдері еске түседі. Ленин орденді Бақытжан Кеңғанов, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегерлері, Орынбай Қарабалин, Сағын Шегіров, Дәулеткерей Сатаев, Жекенді ұжымшарының атақты директоры Сөрсенғали Балапашев та біздің ауылдың абзал азаматтары. Таулар алыстаған сайын биіктей береді, заңғар болып көрінеді. Алайда, айналасындағылар оны аласартпағаны жөн.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Өтеғали Қуанышбайұлы Қуанышбаев. Ол 1919 жылы Қаратал аулында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына қатынасқан, Ленин орденді шопан. Өтеғали Қуанышбаев 1943 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, атқыштар дивизиясында соғысқан. Пермь қаласы түбегіндегі шайқаста аяғынан оқ тиген. Соғыстан кейін бейбіт өмірге араласып, Шығанақ Берсеев атындағы ұжымшарда аға шопан болды. Қазіргі ауыл ақсақалы Сәнтаяқ Қарт ағасы Өтеғали жайлы: «Ағамыз өте еңбекқор адам еді. Соғыстан бір аяғынан айырылып келсе де, еш тыным таппайтын. Адам баласына еш қиянаты жоқ, ғайбат сөйлемейтін. Жоқ

жітік, ағайынға қамқор, қолы ашық адам еді. Ағам: «Адамды алға сүйрейтін адал еңбек, жұмыстың жаманы жоқ. Еңбек те ерінбегенді ұнатады. Біреудің адал жұбін аттамаңдар, маңдай терің төгілмей береке кірмейді» - деп отыратын. Өзінің еңбегімен құрметке бөленді. Көшегі шөптен шөпке секіріп жүрген базбіреулердің суреті көшеде ілүлі тұр да, менің ағамды еске алып жатқан ешкім жоқ. Ел үшін еңбек етті, еңбегін сатпайды, алайда, еңбегінің еленбегені жаңға батады», - деп отыр.

Жасыратыны жоқ, қазір еңбек адамдарына деген көзқарас өсіріп барады. Өсіресе, бұрынғы еңбек ерлері ұмытыла бастады. Әркім өз жайын құйттеп кетті. Қолдарынан келсе, өз ағайындарын тықпалайтын да ашы шындық, Бейнет пен зейнетке толы сол жылдары төккен маңдай тер еш кеткен жоқ. Өтеғали Қуанышбаев 1971 жылы шілденің сегізінде Ленин орденімен марапатталды. Бірнеше рет Құрмет грамоталарын да алған. Қан майданнан жаралы оралса да, ел үшін еңбек етті, Ленин орденін алған осындай қарттардың есімі, жарқын бейнесі ұмытылмағаны жөн. Адал еңбекпен келген абырой-кейіпті ұрпаққа өнеге, үлгі. Еңбегі еленбегені осындай ерлердің мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, тарыдай шашылған тарихын түгендеп жүру - түгелсізген төрбиені қайта жаңғыртқандай қастерлі қасиет. Білімсізден кеткен қателер жөңделіп, Қадір ақын айтқандай, «Істеген жақсылығың өзіннен кейін де өмір сүреді!». Өтеғали Қуанышбаевтың суреттері көрнекі жерлерге ілініп, мектепте теріс сағаттарын арнап, көшеге есімі берілсе де, артық емес. Осындай ерлер салған жол көнермейді. Ерлер жолы жас ұрпақты өлі де биіктерге қарай бастай беретін болады. Лайым ылғи осылай болғай.

Саламат Қомытулы ШАҒҒАЛА,  
еңбек ардагері, Қаратал аулы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

**Ойыл**

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров  
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат  
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірін редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1645 дана. Тапсырыс № 629 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР СПАРТАКИАДАСЫ ТАРТЫСТЫ ӨТТІ



Өткен аптада аудандық спорт көшесінде мемлекеттік қызметшілер күні қарсаңында облыс әкімі кубогына суда жүзу, тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы сияқты спорттық ойын түрлерінен мемлекеттік қызметшілер арасында спартакиада өтті.

Айтулы спартакиаданың ашылу салтанатында аудан әкімі Асқар Қазыбаев құттықтау тілегін айтып, барша мемлекеттік қызметшілерге спорттық додада топ жарып, жүлделі орындарға жетулеріне сәттілік тіледі. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департамент басшысы Әділбек Мұқашев пен Ақтөбе облысы әкімі аппаратының бас инспекторы Алмас Құрманғалиев мемлекеттік қызметтегі әрбір адам өз жұмысының барлық маңыздылығын сезініп, өз елінің патриоты болуға міндетті екенін айтып, спартакиадаға қатысқалы отырған барша мемлекеттік қызметшілерді тартысты ойын

көрсетуге шақырды.

Облыс әкімдігі командасы мен Ақтөбе қаласы командасына қоса он екі ауданның мемлекеттік қызметшілерінен құралған командалар жоғарыда аталған спорттық ойын түрлерінен өзара сынға түсті.

Тарқатып айтсақ, ауданымызда алғаш рет өтіп тұрған ерлер және әйелдер арасындағы суда жүзу сайысы жанкүйерлерінің көптігімен ерекшеленді. Бұл жерде аталған спорт түрі алғаш өткендіктен бе, спортшыларға жанкүйерлер тарапынан таңғалыспен қатар қолдауда жоғары болды. Жүзу спорты бойынша ерлер арасында хромтаулық Бақытбек Усмаханов жеңімпаз атанса, әйелдер арасында қобдалық М.Бекешованың бағы жанды. Айта кету керек, суда жүзу спортын біздің аймақта өлде де көбірек жандандыру керек. Себебі суда жүзу спортына жанадан қадам басып жатқан ойылдықтардың

талпынысы жаман болмағанымен өлі де сылбырлық бар. Өйтсе де, мемлекеттік қызметпен қатар спорты серік етіп жүргендеріне бір марқайып қалдық. Шахматтан ерлер арасында темірлік Жөнбек Құсайынов дара шықса, әйелдер арасында байғаниндік Айнаш Әділханова үздік деп танылды. Дойбыдан сайыс өте тартысты өтті. Уақытпен санасқан ұшқыр ойлы мемлекеттік қызметкерлер арасында жерлесіміз Абдоллаев халықаралық жарыстың қол медалын мойнына тақты.

Ал, мамыр айының 10-13 аралығында бокстан балалар мен жасөспірімдер арасында облыстың ашық біріншілігі өтті. Көпшілік бапкердің үкілеп қосқан үш боксшысы да жүлдеге қол созыды. 32 кг-да Нұрсылман Садық, 58 кг-да Исабек Манарбеков пен 70 кг-да Батырхан Қайыржанов тек финалда жеңіліп, күміс жүлдеге ие болды.

Спартакиадаға қатысқан барша спортшыларға арнайы медальдар мен алғыс хаттар табысталды.

Муса ӘДІЛБАЙУЛЫ,  
Ойыл селосы.

## ЕКІ ЖАРЫС - ЕНШІМІЗДЕ ТӨРТ МЕДАЛЬ!



Екі жарыс – еншімізде төрт медаль! Бокс – Қазақстанның Олимпиада ойындарында көп олжа салған спорты. Өрі олардың дені ауылдан шыққан ерлер. Біздің ауданның жастарының да бұл спортқа қызығып, ұмытылуы заңдылық. Осы мамыр айында екі жарысқа барған ойылдық жас балғары қолғап шеберлері екеуінен де олжасыз қайтқан жоқ.

Мәселен, 2-7 мамыр аралығында Ақтөбе қаласында Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген жаттықтырушысы В.Аносоты еске алуға арналған халықаралық турнир өтті. Өзіміздің барлық облысты айтпағанда, көршілес бес мемлекеттен балғын боксшылар келген жарыстың мәртебесін спорттан хабары бар адамға айтып жату артық. Осы жарысқа Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебіндегі бокс үйірмесінің жаттықтырушысы Сәйтжан Ермағамбетов те өзінің төрт шаңқын қосты. 70 кг салмақта шаршы алаңның шаңын шығарған Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының оқушысы Ерасыл Абдоллаев халықаралық жарыстың қол медалын мойнына тақты.

Ал, мамыр айының 10-13 аралығында бокстан балалар мен жасөспірімдер арасында облыстың ашық біріншілігі өтті. Көпшілік бапкердің үкілеп қосқан үш боксшысы да жүлдеге қол созыды. 32 кг-да Нұрсылман Садық, 58 кг-да Исабек Манарбеков пен 70 кг-да Батырхан Қайыржанов тек финалда жеңіліп, күміс жүлдеге ие болды.

### ОЙЫЛ СЕЛОСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ РАЯ СӘТТІБЕРГЕНҚЫЗЫН МЕРЕЙЛІ ЖАСЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Ақ тілекті ақтарамыз жүректен. Қуанышта көңіл шіркін дір еткен. Туылған күн құтты болсын деп бүгін, Өзіңізге үн қосамыз тілекпен!

Рая міне 50-ге де толып қапсың, Өмірдің 50 жылдай ішіп асың. 50 жасты біз сізге бере алмаймыз, Сіз бізге 25-тегідей өлі жассыз!

Кең пейілді ақ жүрек адал жансыз. Ардақты Ана, сүйікті Жар атанғанысыз. Туылған күніңмен құттықтаймыз, Еңбегіңізді сіздің ешқашан ұмытпаймыз

ИГІ ТІЛЕКПЕН: КӨКІМЖАН - КҮНСҰЛУ.

## Кездесу арқауы - «Қазақ қоғамындағы білім жүйесінің тарихы»

Жуырда Ш.Бериев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің «Шұғыла» мәдени-демалыс орталығында ұйымдастырылған «Ұлттық бірегейлікті сақтау» жобасы аясында Білімнің салтанат құруы негізінде «Қазақ қоғамындағы білім жүйесінің тарихы» атты пікір алысу шарасына негізінен ардагер ұстаздар шақырылды.

Аудан орталығындағы 3 мектептің қатысуымен өткен пікір алысу шарасында музей директоры Балқия Рысбаева қазақ тарихындағы білім жүйесінің қалыптасуына тоқтала отырып, қазіргі таңдағы барлық жеткіншек ұрпақтың алдағы уақытта қызметкерлік сауаттылығына зор көңіл бөлу керек екендігін баса айтса, аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаевқа ұстаздарға білім беру жолындағы істеріне сәттілік тілеп, кездесуге келгендерді еркін пікір алысуға шақырды. Тақырыпқа сай пікірлесу сағатында Ойыл өңірінде алғаш салынған мектептермен білім

саласының тарихына тоқталып, 100 жылдық білімнің даму сатысы бойынша көлемді баяндама жасалды. Өз пікірлерін білдіруде Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен өлең-өлеңіні мұғалімі Айдана Аманжолова «Білім туралы» Заңын және қазіргі кездегі халыққа білім беру жүйесін талқылап, заманауи өзгерістерге бейімделген бірқатар жаңа бағыттарын ұсынды. Сонымен қатар жаңа бағыт бойынша жүзеге асып жатқан білім беру жүйесі талқыға салынып, қонақтар қазіргі таңдағы білім жүйесінің даму деңгейі электронды бағытта жүргізілетіндігін жеткізді. Бұрынғы білім беру жүйесі мен қазіргі білім беру жүйесі арасында көп айырмашылық бар екендігін айта отырып мәселе тереңіреге көптеген ұсыныстарын ортаға салды.

Дулат Исабаев,  
аудандық музейдің ғылыми қызметкері.

# ОЙЫЛ ЖӘРМЕНКЕСІНЕ 155 ЖЫЛ



Батыс пен Шығыстың сауда қарым-қатынасын тұрақты байланыстырып отырған, Жібек жолының бойында орналасқан Ойыл өңірінің тарихи терең, орны ерекше болатын. Бұған себеп болған кезінде дала айырбас саудасының дамуына ықтимал еткен Әбілқайырханның, Бөкей ордасында тұрақты сауда қатарларының қалыптасуын ұйымдастырған Жангір ханның саясаттарының нәтижесі. 19 ғасырдың ортасынан асаң жылдары орыс пен татар көштерінің сауда өрекеттері Хиуа, Бұхара саудагерлерінен басым болып келе жатты. Осындай сәтті пайдалана отыра, сауда қарым-қатынасының өрі қарай дамуы, көшпенділердің отырықшылыққа алып келу жолында Жайық жағасынан Омбыға дейін Ойыл өзенінің жағасында жәрмеңкелер ашыла бастады. 1866 жылы Орал қаласының саудагерлерінің сұраулары бойынша, генерал-майор Романовский Қазбек шатқалында, Калмыковтан 190 шақырым жерде, Ойыл өзенінің жағасында жәрмеңкелі ашу туралы және оның пайдасымен бірге өңірде тыныштық орнататынын дәлелдей отыра, Оринбор генерал-губернаторының алдында өтініш

жасайды. Генерал-губернатор өзінің № 7181 (29.09.1866ж.) шешімімен өтінішті қолдап, ішкі істер Министрі статс-советник Валуев осы Ойыл жәрмеңкесінің Ережелерін дайындағанын ескертеді. Ережелер 1867 жылы жарыққа шыққан «Уральские Войсковые Ведомости» газетінің екінші номерінде жарияланады. Бірінші Ойыл жәрмеңкесінде қандай және қанша тауар сатылғаны, қай жақтан қанша саудагер болғаны, жәрмеңкенің кірісі мен шығысы туралы толық мәлімет «Уральские Войсковые Ведомости» (1868ж. №4) газетінде жарияланған. Соның ішінде кәсіпші аударар деректердің бірі – сырт саудагерлердің 70% Қазан губерниясынан келген және олар осы жәрмеңкеде 5 мыңнан астам қой, 800 дана ірі қара терісін, 5,5 мың қой терісін, 50 пұт түіе жүнін сатып алған екен. Сатуға айдап келінген мал арасында ауруға шалдыққаны болмаған, -дейді арнайы жәрмеңкеге бекітілген мал дәрігері. Жәрмеңкеде тәртіп орнату үшін шақырылған атты казактар командасының басшысы хорунжий Ранневтің жазбасы бойынша жәрмеңке енді өзеннің

жоғары жағына қарай 15 шақырым жерге аударылған. Аудару себебін маңындағы өткелдің ығысайсыздығымен және жәрмеңке орнын айнала орналасқан адай руының қонысының жайылымына кедергі келтіретіндігімен дәлелдейді. Күзгі жәрмеңкенің ашылу уақыты кыстауға көшу уақытымен телес келетіндігін ескере отыра, комитет ол уақытты 1ақпаннан - 15 қыркүйекке ауыстырады.

Ранневтің мәлімдемесінен жергілікті тұрғындар ашылған жәрмеңкеге ризашылығын білдіріп, көсіпкерлер қолдан тас соғып, келесі жәрмеңкеге дейін кішігірім гимараттарды тұрғызуға кіріскен екен. Ал, 1869 жылы Ойыл бекінісінің іргетасы қаланып, жәрмеңке Қазбек шатқалынан Барқын шатқалына көшіріліп, өйлілі Көкжар жәрмеңкесінің ашылуы сеп болады...

Бұл келесі әңгіменің еншісі. Бізге енді осы Казбек шатқалының географиялық орны туралы дерек, немесе естіген өңімі білетіндеріңізді хабарлауыңызды сұраймын.

Нұрлан ЖУМАҒАЛИЕВ,  
«Ойыл» ынталы тобының жетекшісі.

# ХҚО-ЛАР ҚОЛХАТ БЕРУДІ ТОҚТАТАДЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясы мемлекеттік қызметтердің басым бөлігін қағазсыз қызметке ауыстырмақ. Ол үшін халыққа қызмет көрсету орталықтарында 8 қызмет бойынша қағаз түрінде берілетін қолхатты қысқартты. Жақын арада барлық мемлекеттік қызмет қолхатсыз көрсетілетін болады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Басқарма төрағасы Сүйеніш Әбділдиннің айтуынша, қағазсыз қызмет көрсетуге көшу бірнеше кезеңмен жүзеге асырылады. «Мемлекеттік аппаратты жалпы цифрландыру және бюрократиясыздандыру аясында миллиондаған тонна қағазды технологиялар мен онлайн-сервистерге ауыстыру қажет, біз осы бағытта жұмысты бастап та кеттік. Енді қазақстандықтарға құжаты дайын болғанда қай ХҚО-ға жүгіну керектігі және уақыты көрсетілген sms-хабарлама келеді. ХҚО операторына клиент қолхаттың электронды нұсқасын көрсетсе болды», - дейді Әбділдин.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының мамандары қазақстандықтарға осы 8 қызмет бойынша жылына 6 млн-ға жуық қолхат береді (бұл қолхаттардың жалпы санының 40%-ын құрайды). Енді клиенттер құжаттарын алу кезінде қағаз түріндегі қолхатты көрсету қажеттілігінен құтылды. Қағаздың 2022 жылы күрт қымбаттап кеткенін ескертін болсақ, қағаз түріндегі қолхаттан бас тарту мемлекеттік корпорацияның қағаз жұмсалатын шығындарын қысқартуға мүмкіндік береді.



Бюджетті оңтайландыру мақсатында Азаматтарға арналған үкімет жартылай ағартылған целлюлозадан жасалған эко-қағазды пайдалануға көшу туралы шешім қабылдады. Ол өдеттегі қолданып қағаз түсінен сарғыш болғанымен, басылған мәтінің сапасына есер етпейді. Сонымен қатар, ол кезелген принтер мен көшіру құрылғысына жарамды. Қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың, университеттер мен банктердің көпшілігі осындай эко-қағазды пайдалануға көшті.

Қолхат берілмейтін қызметтер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәлігін беру және кері қайтарып алу;

2. Қазақстан Республикасы халқын тұрғылықты жері бойынша тіркеу;
3. Қазақстан Республикасы халқын тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығару;
4. Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру;
5. Сотталықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру;
6. Жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру;
7. Жылжымайтын мүлік объектілерінің жоспарын (схемасын) қоса алғанда, тіркеу органы куәландыратын тіркеу ісі құжаттарының көшірмелерін беру;
8. Жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортының телнұсқасын беру.

# В ЦОНАХ ПЕРЕСТАНУТ ВЫДАВАТЬ РАСПИСКИ

В ЦОНАх перестанут выдавать расписки

Корпорация «Правительство для граждан» переведет большинство госуслуг на безбумажное обслуживание. Для этого в центрах обслуживания населения исключили бумажные расписки по 8 услугам. В ближайшее время на обслуживание без расписок перейдут и все остальные услуги.

По словам председателя правления госкорпорации «Правительство для граждан» Суйениша Абдильдина переход на без бумажное обслуживание будет осуществлен в несколько этапов. «Во время всеобщей цифровизации и дебиюрократизации госаппарата, миллионы тонн бумаги необходимо заменять на технологию и онлайн сервисы, что мы и делаем. Теперь казахстанцам будет приходить sms-уведомление, где будет указано, в какое время и в какой ЦОН необходимо обратиться за готовым документом. Оператору ЦОН

клиенту достаточно предъявить электронный вариант расписки», - рассказал Абдильдин.

Ежегодно специалисты центров обслуживания населения выдают казахстанцам около 6 млн расписок по данным 8 услугам (40% от общего количества расписок). Отказ от них не только избавит клиентов от необходимости предъявлять их при получении документов, но и позволит сократить расходы госкорпорации на бумагу, которая, к слову, резко подорожала в 2022 году.

В целях оптимизации бюджета Правительство для граждан приняло решение перейти на использование эко-бумаги из полубеленой целлюлозы. Она отличается от обычной, желтым цветом, что не влияет на качество напечатанного текста. Кроме того, она подходит для любых принтеров и копировальных аппаратов. В настоящее время на использование такой бумаги переходят многие

госорганы, университеты и банки. Список услуг, по которым не будет выдаваться расписка:

1. Выдача и отзыв регистрационного свидетельства Национального удостоверяющего центра Республики Казахстан
2. Регистрация по месту жительства населения Республики Казахстан
3. Снятие с регистрации по месту жительства населения Республики Казахстан
4. Выдача повторных свидетельств или справок о регистрации актов гражданского состояния
5. Выдача справки о наличии либо отсутствии судимости
6. Выдача дубликата правоустанавливающего документа на недвижимое имущество
7. Выдача копий документов регистрационного дела, заверенных регистрирующим органом, включая план (схему) объектов недвижимости
8. Выдача дубликата технического паспорта объектов недвижимости